

Астана қаласы әкімдігінің «№112 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Асхана тағамдарының сапасына тексеру жүргізу нәтижесі бойынша АНЫҚТАМА

Қазан, 2025ж.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, қосымша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ мемлекеттік балабақшаларда және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларды тамақпен қамтамасыз ету ережелерін бекіту туралы» 2018 жылы 31 қазандағы 109 тармақша 3 бөлім 2 тарау №598 бұйрығына 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес мектепшілік 2025 жылы 2 қыркүйектегі «2025-2026 оқу жылына тамақтану сапасын бақылай бойынша комиссия құрамын құру туралы» бұйрығы негізінде құрылған комиссия 2025 жылдың қазан айында 2 рет мектеп асханасындағы тағамдардың сапасына кезекті мониторинг – тексеріс жүргізді.

Тексеру барысында ас мәзірінің күн сайын жаңартылып отыруы, тағамның дәм сапасы, дайындалу технологиясы, азық - түлік өнімдерінің жарамдылық мерзімі, санитарлық талаптардың сақталуы, аспазшылардың арнайы жұмыс киімі мен жеке гигиенасы, сондай - ақ асханадағы тазалық деңгейі мен қызмет көрсету сапасы қаралды. Тағам сапасы мен оқушылардың жасына сай порция көлемі санитарлық-гигиеналық талаптарға толық сәйкес екені анықталды. Тағамдар дәмді, жаңа піскен өнімдерден дайындалған, асхана тазалығы мен қызмет көрсету мәдениеті жақсы деңгейде деп бағаланды.

Бақылау нәтижесі бойынша асхана жұмысы қанағаттанарлық деп танылып, оқушылардың денсаулығын сақтау және сапалы тамақтандыруды қамтамасыз ету мақсатында мониторингті ай сайын тұрақты түрде жүргізу ұсынылды.

Әлеуметтік педагог: Кулжабекова С. О
87767061181

